

Сандықтау аудандық мәслихат сессиясының кейбір шешімдерінің күшінің жойылуы туралы

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 6/4 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сандықтау аудандық мәслихат шешімдерінің күші жойылған деп танылсын:

1) Сандықтау аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/6 "Сандықтау ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (2015 жылы 2 ақпанда Ақмола облысы Әділет департаментінде № 4622 тіркелген, 2015 жылы 6 ақпанда "Сандықтауские вести" газетінде жарияланған) шешімі.

2) Сандықтау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 18/2 "Жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" (Ақмола облысы Сандықтау ауданы Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 қазандағы № 1-16-114 тіркелген) шешімі.

2. Осы шешімге қол қойылғаннан кейін қолданысқа және күшіне енеді.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

А.Джейранов

*Аудандық мәслихатының
хатшысы*

С.Клюшников